

БІЗДІҢ КҮЛӘШ



Ұлан-байтақ жатқан қазақ даласында Күләшті білмейтін жан жоқ деп айтуға болады. Тіпті, Күләшті бүкіл еліміз біледі. Оның есімін бүкіл Совет жұртшылығы сүйіспеншілік сезіммен атайды. Күләш мұндай дәрежеге, әрине, ұлт саясатының жүзеге толық асуының арқасында жетті.

«Адам баласын заман өсіреді...» дейді Абай. Күләшті өсірген – жаңа заман. «Заманың жарық болса, еңбегің зая болмас». Күләш сол сәулелі, жарқын заманға душар болды. Оның жастайынан шомған тәтті қиял теңізі осы заманның алғашқы соққан дауылында-ақ тебіреніп, шалқып, түбінде қайырылап жатқан қымбат қазынасын жағасына шығарып тастады. Түнекте туып, тұңғыққа батқан Саралар мен Баяндардың артына қалдырып кеткен арманын тек біздің Күләш қана сол заманда жарыққа шығарды. Ол өткендегі қыздардай дүниеге күңірене келмей, күле келді. Дарынды өрен өнерін өз еліне жарқын көрсете келді.

Күләштің өмірбаяны – кәдімгі қарапайым еңбекші қазақ әйелдерінің өмірі. Ол 1912 жылы Алматы қаласында туған. Оның әкесі етікшілік кәсібімен күнелткен кедей кісі болған.

1926 жылы тұңғыш рет Қазақтың драма театры құрылады. Күләш 1930 жылы, 18 жасында осы театрға келіп енеді. Әлбетте, жас өнерпаздың алғашқы қадамында, тырнақалды еңбегінде кісі сүйсінерлік табыстарымен қатар, азды-көпті кемшіліктері де болады.

Бірақ жас Күләш оған мойымайды. Ол көздеген мақсатына жететініне кәміл сенеді. Жалықпай ізденіп, жігерлене еңбек етеді.

1934 жылы Қазақтың мемлекеттік опера және балет театры ашылады. Театр ең әуелі Айман-Шолпан постановкасын қояды. Күләш Айман рөлін тамаша орындайды. Осы кезде жұртшылығымыз оны талантты артистка деп біле бастайды.

Күләшқа 1935 жылы Қазақ республикасының халық артисткасы деген атақ беріледі. Бірақ Күләшті күллі еліміздің тануы 1936 жыл еді. Бұл жылғы көктемде Москвада Қазақ көркемөнерінің алғашқы онкүндігі өтіп жатты.

Үлкен театрдың сахнасында қазақ қызы – біздің Күләш Байсейітова мың бұралтып «Гэкку» әнін салды. Бірде шалқып, бірде асқақтап, бірде қоңырлап, бірде баяулап шығатын әрі әсем, әрі әсерлі қазақ әні ең алғаш москвалықтарға осы «Гэкку» арқылы жетті.

Москвада болған осы онкүндік Қазақ көркемөнерін жаңа бір белеске шығарып кеткен тәрізді. Сол жолы Күләш Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Көп ұзамай оған СССР Одағының халық артисткасы деген құрметті атақ берілді.

Күләш 1938 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, 1939 жылы Алматы қалалық Советінің депутаты болып сайланды. Бұл мерзім ішінде Күләш өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің зор екендігін көрсетті, халықтың қызметшісі бола білді.

Сол үшін үкіметіміз Күләшті 1946 жылы Қазақ ССР-інің 25 жылдығына байланысты Ленин орденімен наградтады.

Күләш Байсейітова халқымыз Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына тағы да кандидат етіп ұсынды. Халықтың қалаулы қызы Күләш Байсейітова бұл зор сенімді алдағы уақытта да абыроймен ақтай алады.

*Күләш Байсейітова / Құраст. Аклима Омарова. – Алматы: «Өнер», 2012. – 79-80 б. (қазақша, орысша)*